



06.05.2024 **ШЕШІМ**

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
177/21-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы бойынша
қалалық және қала маңы қатынастарында
жолаушылар мен жүкті автомобильмен
тұрақты тасымалдау тарифтерінің
кейбір мәселелерін келісу туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» заңының 19 бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы әкімдігі белгілеген қалалық көлік қатынастарда жолаушылар мен жүкті автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифі жолаушының бір сапары үшін 110 (бір жүз он) теңге мөлшерінде келісілсін.

2. Астана қаласы әкімдігі белгілеген Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңы қатынастарында жолаушылар мен багажды тұрақты автомобиль көлігімен тасымалдау бағдарларына сараланған тариф мынадай мөлшерлерде келісілсін:

1) электрондық жол жүру құжаты немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде жолаушылар мен багажды қалалық автомобиль көлігімен тасымалдауға – 110 (бір жүз он) теңге;

2) электрондық жол жүру құжаты немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде жолаушылар мен багажды жедел қалалық автомобиль көлігімен тасымалдауға – 250 (екі жүз елу) теңге;

3) электрондық жол жүру құжаты немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауға – 110 (бір жүз он) теңге;

4) электрондық жол жүру құжаты немесе электрондық төлемнің қосымша қызметтері арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде жолаушылар мен багажды қала маңында автомобильмен тасымалдау – бір километр үшін 9 (тоғыз) теңге 50 (елу) тиын;

5) қолма-қол ақшамен төлеу кезінде жолаушылар мен багажды қалалық автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде – 220 (екі жүз жиырма) теңге;

6) қолма-қол ақшамен төлеу кезінде жолаушылар мен багажды жедел қалалық автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде – 350 (үш жүз елу) теңге;

7) қолма-қол ақшамен төлеу кезінде жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдау кезінде – 220 (екі жүз жиырма) теңге;

8) жолаушыларды қала маңындағы автомобильді тасымалдауда қолма-қол ақшамен төлеу кезінде – бір километр үшін 14 (он төрт) теңге;

9) жеңілдігі бар картамен төлеу кезінде жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауға – 0 (нөл) теңге.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов